

АУЫЗСУ ТҰТЫНУШЫЛАРЫНА ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облыстық мәслихатының 2024 жылы 11 сәуірдегі №9/133-VIII «Түркістан облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маньзды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы» 2021 жылы 10 желтоқсандағы №13/129-VII (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №25922 тіркелген) шешіміне өзгеріс енгізіліп, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде тіркеліп (Әділет), төмендегідей мәтіндермен толықтырылды:

1) ауызсуды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін - 70 тенге;

2) ауызсуды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін - 80 тенге. Осы шешім 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**«Тасты-Шу топтық су жүйесі»
өндірістік бөлімшесі.**

Суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шаралары

Жаздың ыстығында күнге және ыстық құмға қыздырыну, салқын суға шомылу жанға сондай жайлы. «Су сенің досың немесе дұшпаның».

Елімізде кішкентай балалар ғана емес, сонымен қоса ересек үлкен ағаларымызда суға кетіп өмірден қош айтысып жатыр. «Су мен от тілсіз жау». Балалардың суға кету себебі үлкендердің қарауынсыз қалу себебінен, ересектердің суға кету басым көпшілігі мас күйінде суға шомылуы. Жас балалардың суға шомылу білмеуі, адамдардың суда қауіпсіздік ережелері, шараларын орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады. Сондықтан осындай келеңсіз оқиғаларды болдырмау үшін, төмендегі ережелерді орындаған жөн:

I. Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары

- Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз;

- Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз;

- Суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыздар;

- Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз;

- Суға түскенде бір-біріңізді көзден таса қылмаңыз;

- Қоршау белгілерінен, буйлардан тысқары аумаққа шықпаңыз;

- Техникалық ескерту белгілерінің, буйлардың және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар;

- Айналаңызда адамдар немесе құтқарушылар болмаса суға түспеген абзалырақ болады;

II. Аяқ-қол тырысуы (судорог) болғанда сіздің іс-әрекетіңіз

Суық суда шомылу қол-аяқтың тырысып қалуына әкеліп соғады.

- Егер тырысу болғанда жүзуді тоқтатып суға арқаңызбен шалқалай жатыңыз, сабырлық сақтаңыз;

- Қолыңыздың саусақтары тырысып қалғанда жұдырығыңызды түйіңіз, қолыңызды бір жаққа қарай серпе лақтырып, жұдырығыңызды ашыңыз;

- Балтыр бұлшық еті тырысқанда бүгіліп қолыңызбен аяғыңыздың басын қысып бар күшіңізбен өзіңізге қарай тартыңыз, немесе аяғыңызды судың астына созып, аяғыңыздың бармақтарын алға иіңіз. Содан соң балтырыңызды сылаңыз;

- Тырысу қойысымен тынығып алып, жүзудің басқа әдісімен жағаға шығыңыз

III. Су иірімінен шығудың

тәсілдері

- Егер иірімге тап болсаңыз, кеудені кере дем алып, иірімнің астына сүңгізіңіз;

- Судың астында иірімнен алысырақ кетуге тырысыңыз;

- Иірімнен алыстаған соң судың бетіне қайта шығып жағаға қарай жүзіңіз;

IV. Суда қатты шаршаған кездегі іс-әрекет

- Егер суда шаршасаңыз немесе тоңсаңыз тез арада жағаға қайтыңыз. Сабыр сақтаңыз.

- Әлсін-әлсін шалқалай жатып дем алыңыз, күшіңізді үнемдеңіз, өзіңізді және уақытты бақылау үшін, жаймен дауыстап санаңыз;

- Егер өз күшіңізбен жағаға жете алмайтыныңызды сезінсеңіз шалқалай жатып қолыңызды бұлғап көмекке шақырыңыз.

VI. Судағы қатерге ұшыраған адамға алғашқы көмек

Қатерге ұшыраған адамға көмек көрсеткенде мүмкіндігінше тездетіп оттегі жетімсіздігін қолдан дем алдыру тәсілін қолдану арқылы жоюыңыздар.

- Қатерге ұшыраған адамды судан алып шыққаннан кейін оның киімін бөліне дейін шешіп, демалу жолдарының жоғары жағын және асқазанын судан босатуға кірісу;

- Қатерге ұшыраған адамның аузын азу тістерінің әр жағынан саусақпен қармай, немесе қол орамалмен, шай қасықтың сабымен немесе жалпақ темір затпен ашу керек;

- Ауыз ішін шырыш пен балдырдан тазалау керек;

- Қатерге ұшыраған адамның жоғарғы тыныс жолдары мен асқазанын судан арылту үшін оның кеудесін көмек көрсетушінің тізесінің бүгілген аяғының үстіне басып төмендетіп салып, кеуде сүйегінің астыңғы бөлімдерін ырақпен қысып баса беру. Ең жеңіл және тиімді тәсіл-«ауыздан- ауызға» немесе «ауыздан- мұрынға» ауа үрлеу.

Қатерге ұшыраған адамды бетін жоғары қаратып жатқызып, бір қолды оның мойнының астына жіберіп, екінші қолымен маңдайынан басып, басын мүмкіндігінше шалқайту. Бас бармақпен және сұқ саусақпен қатерге ұшыраушының мұрнын қатты қысып, демді ішке терең алып, оның аузына минутына 18-20 дем салу керек. Қатерге ұшыраушының жүрек соғуын ұдайы қадағалап отыру керек.

**М.ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше
жағдайлар бөлімінің аға
инженері, азаматтық
қорғау аға лейтенанты.
Нұрасыл САРТАЙ,
Бөлім бастығының орын-
басары, азаматтық қорғау
лейтенанты.**

Хабарландыру

Түркістан облысы Созақ ауданындағы Келіншектау алтын-күміс кен орнын өндіру жоспарына ықтимал әсер ету туралы есеп жобасына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: 15.07.2024 ж. сағат 15:00, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр а.о., Қарақұр а., Үсенбай Датқа, 24 (әкімш.ғим)

Жоба тапсырысшысы: «Central Asia Mining Co» ЖШС-і, мекенжайы: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шілік а/о, Жаңа шілік а., Қ.Мұңайтпасов көшесі №21 үй, БСН 1, тел.: +77004232982.

Ықтимал әсер туралы есепті әзірлеуші: «Центр экологического сопровождения и экспертизы» ЖШС-і, мекен-жай: Шымкент қ. Желтоқсан, көш. 20 «Б», e-mail: ecosentre2018@mail.ru тел. +77004232982.

Кен орынның және әсер ету аймағының географиялық координаттары (ендік және бойлық): 44,13,58С,67,49,55В.

Жобалық құжаттамамен танысу ecosportal.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: ecosentre2018@mail.ru тел. +77004232982.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда «ТО ТР және ТП РБ» ММ-не, мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, r.malik@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

Хабарландыру

«Казатомпром-SaUran» ЖШС «Түркістан облысы Созақ ауданы, «Шығыс Мыңқұдық» кен орнында 2022 жылға арналған №13-3, 35-3, 201-8, 201-9 блоктарын салу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 18.07.2024ж. сағат 12.00-де Түркістан облысы, Қыземшек кенті, Қыземшек ауылы, Ықшам ауданы 1 Ықшам аудан, 5А үй адресі бойынша өтеді. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін +7(777) 8908808 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Бастамашы: «Казатомпром-SaUran» ЖШС, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент а/о, Таукент ауылы, «1 ықшамаудан» шағын ауданы, 133 үй, 108 пәтер.

Әзірлеуші: «KAZ Design&DevelopmentGroup LTD» ЖШС, Алматы қ., Навои к-сі, 74, 131 кеңсе, тел.: +7(777) 8908808.

Хабарландыру және қызметке қатысты құжаттар сілтемемен осы сайттарда орналастырылған:

<https://ecoportal.kz>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts1?lang=ru>

ЖАО, жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты - «Түркістан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимарат. Электрондық мекен жай: aidarerkebai@yandex.kz

Жұртшылық қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттарға қатысты өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде Eсоportal.kz сайтына жолдай алады.

Созақ ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат аппараты және ардагерлер кеңесінің ұжымы ауданымыздың Құрметті азаматы Ұрзада Айтөрееваға жұбайы

Құрбан Мәмреевтің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Объявление!

Проводятся общественные слушания в форме открытых собраний на проект Отчет о возможных воздействиях к плану горных работ золото-серебряного месторождения Келиншектау в Сузакском районе Туркестанской области.

Дата, время и место проведения общественных слушаний: 15.07.2024 г., в 15:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Каракурский с.о., с.Каракур, ул.Усенбай Датқа, 24 (зд.акимата).

Заказчик проекта – ТОО «Central Asia Mining Co», адрес: РК, Туркестанская область, Отрарский район, с/о Шилик, с.Жана шилик, ул.К.Мунайтпасова, дом №21, БИН 1, тел.: +77004232982.

Разработчик ОВВ: ТОО «Центр экологического сопровождения и экспертизы», адрес: г.Шымкент, ул.Желтоқсан, 20 «Б», e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.+77004232982.

Географические координаты участка и территории воздействия (по широте и долготе): 44° 13' 58" С, 67° 49' 55" В.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале ecoportal.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>. Дополнительную информацию можно получить по номеру и эл.адресу: ecosentre2018@mail.ru, тел.+77004232982.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» по адресу: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32,20, e-mail: r.malik@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

Объявление

ТОО «Казатомпром-SaUran» проводит общественные слушания по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство блоков № 13-3, 35-3, 201-8, 201-9 на 2022 год рудника «Восточный Мынқудук», Сузакского района, Туркестанской области».

Слушания состоятся 18.07.2024. в 12.00 ч. по адресу: Туркестанская область, аппарат акима поселка Кыземшек Созакского района, поселок Кыземшек, мкр.1 Ықшамаудан, д.5А. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности обращаться по телефону +7(777) 8908808.

Инициатор: ТОО «Казатомпром-SaUran», Туркестанская область, Сузакский район, с/о Таукент, село Таукент микрорайон «1 ықшамаудан», дом 133, квартира 108.

Разработчик: ТОО «KAZ Design & Development Group LTD», г. Алматы, ул. Навои, 74, офис 131, тел.: +7(777) 8908808.

Объявление и документы по намечаемой деятельности размещены на сайте по ссылке: <https://ecoportal.kz>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts1?lang=ru>

МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Туркестанской области», г.Туркестан, микрорайон ЖаңаҚала, улица 32, здание 20.Электронный адрес: aidarerkebai@yandex.kz.

Общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу Eсоportal.kz.

Жарамсыз деп танылсын

Жакаев Асет Мырзагалиевичтің иелігіндегі 2019 жылы шығарылған «Lada-21214» маркалі автокөлігінің (мемлекеттік ткреу белгісі: KZ 132 ILZ/13) техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.